


Сабақтың тақырыбы:






Тәуелсіз елдің қасиетті белгілері



Мақсаты:



І Қоғамның рухани бірлігі мен сабақтастығын нығайту, жеткіншек Ұрпақтың жоғары азаматтық және елжандылық сезімін қалыптастыру.

Оқушылардың "Power point" программасы бойынша алған білімдерін бекіту, тақырыптар бойынша шығармашылық жұмыстар жасату арқылы білімдерін қалыптастыру.

дамытушылық;

Оқушылардың ойлау, ақпаратты меңгеру, салыстыру, талдау, қорытынды жасай алу білім-біліктілігін дамыту.

Оқушылардың ақпараттық мәдениет білімін дамыту.

тәрбиелік:

жоғары азаматтық және елжандылық қасиеттерін қалыптастыру мен оны сезіндіру.



Сабақтың барысы:

Сабақтың түрі: интеграцияланған ақпаратты технологияға негізделген.

Сабақтың әдісі: баяндау, сұрақ-жауап, әңгімелеу

Сабақтың көрнекілігі: слайдты экраннан (проектор) арқылы көрсету.

Пәнаралық байланыс: информатика, тарих және құқық пәндері



Сабақтың кезеңдері

Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылардың зейінін жаңа сабаққа аударту.

Жаңа материалды баяндау.

Сұрақтар қою.

Мұғалім сабаққа қатысты жаңа материалды презентация арқылы сүйемелдейді.

Оқушыларды шағын топтарға бөлу.

Шағын топтарға құқық, тарих пәндері және информатика пәнінен берілген шарт бойынша компьютермен шығармашылық жұмыстар орындату. Оқушылар жұмысын проектор арқылы демонстрациялау, қорғау.

Оқушылар компьютер арқылы тест жұмысын орындайды.

Сабақты қорытындылау.

Бағалау.



Мұғалім: — Балалар, бүгінгі сабақ басқа сабақтардан ерекше болады, өйткені тек тарих пен құқық сабағы ғана емес. информатика пәнімен байланыста өтеді. Осы сабақта сендер тәуелсіз еліміздің мемлекеттік рәміздері, олардың құқықтық сипаты мен шығу тарихымен танысып. осының нәтижесінде компьютерді пайдаланып шығармашылық жұмыстар орындайсындар.



Сендер мемлекеттік рәміздер туралы не білесіңдер?

Олардың қашан және неге қабылданғаны туралы қандай мәліметтерің бар?

Қазақстан Республикасының рәміздерінен басқа, басқа елдердің рәміздері туралы қандай ақпараттарың бар?

Мұғалім сабаққа қатысты жаңа материалды презентация арқылы сүйемелдейді.



**Бүгінгі таңда Қазақстан
Республикасының
мемлекеттік рәміздері қазақстанның
көпұлтты
халқының бірігуінің бастамасы болып
табылады. Мемлекеттік рәміздер бір
жағынан
жас, — тәуелсіз мемлекетті бейнелесе,
екінші
жағынан тарихи дәстүрлердің
сабақтастығын
куәландырады. Сондықтан әр адам үшін
қасиетті Отанының мемлекеттік
нышандарына
деген құрмет пен сүйіспеншілік әскепен**



Мемлекеттік нышандарды зерделеу:

Тудың, Елтаңбаның, Әнұранның мәні мен мағынасын түсіндіру. Тәуелсіз Қазақстанның болашақ азаматтарын тәрбиелеудің негізін қалаушы бағыттардың бірі. Әрбір оқушы рәміздердің мемлекеттің калыптасу процесіндегі рөлі мен мәнін терең түсініп, еліміздің мемлекеттік Туын, Елтаңбасын және Әнұранын қастерлеу рухында тәрбиеленіп, республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтемегені үшін жауапкершілікке тартылатынын сезініп, мемлекеттік нышандар туралы терең білімі болуға міндетті.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінде республикамыздың атына тән жоғары адамгершілік құндылықтар, тандаулы дәстүрлер мен әдеп-ғұрыптар туралы көзқарас үйлесімді ұласқан.

— Балалар, сендер рәміздер дегеннің не екенін төменгі сыныптардан білесіндер. Бүгінгі сабақтағы әңгімеміз Қазақстанның мемлекеттік белгілері туралы болмақ. Қазақстан Республикасының тәуелсіз ел, мемлекет екенін білдіретін ең басты үш белгісі бар.




Олар: Елтаңбасы, Туы және Әнұраны.






Қазақстан Республикасының Елтаңбасы



Қазақстан Республикасының Туы




Қазақстан Республикасының Әнұраны


Өз еліне ғана төн мұндай белгілері жоқ мемлекет дербес, тәуелсіз бола алмайды. Елтанбаның мөрге бедерлеп түсірілген бейнесі мемлекет, үкімет атынан қабылданған немесе баска да ресми құжатқа басылады.

Ту Президент сарайы мен Үкімет орналасқан үйден бастап, барлық мемлекеттік мекемелерде ілулі тұрады. Мәселен, өздерің оқш жүрген мектептің бәрінде де Мемлекеттік Ту бар. Шетелдердегі Қазақстанның

елшіліктерінің бәрінде де республикамыздың Мемлекеттік Туы желбірейді. Бұл кез-келген шетел азаматына Қазақстан елшілігіне келгендігін білдіреді. Мемлекеттік Әнұранның маңызы да осындай. Мәсе-лен, республикалық, мемлекетаралық ірі басқосулар мен халықаралық спорт жарыстары ашыларда міндетті түрде қатысушы елдердің әнұрандары орындалады. Әнұранды жиылған жұртғыш бәрі орыңдарынан тұрып, дауыстап орындайды. Сол кезде адамда ерекше сезім пайда болады. Әнұранның сөздері мен әні айтушыны жігерлендіріп, өз Отанына деген мақғанышқд бөлейді.



Осы мемлекеттік белгілер Қазақстан Республикасы тәуелсіз деп жарияланысымен көп ұзамай 1992 жылы қабылданды. Бұл айтуға ғана оңай. Неге? Осы мемлекеттік белгілерді дайындауға, талқылауға мың-даған адам қатысты. Өйткені, бұл мемлекеттік белгілерде Республикамыздағы ел-жұрттың, алдымен тұрғын халықтың төл тарихының ұшқындары бейнеленуі керек болды. Оған қоса мемлекеттің, барлық халықтың мүддесіне сай келетін бейбітшілікке деген ұмтылысы өрнектелуі тиіс еді. Сонымен қатар әлемдік өркениетке қол созған ақ пейіліміз де аңғарылуы қажет болатын



Енді осы міндеттер мемлекеттік белгілерде қалай көрініс тапқан екен, көрейік. Мемлекеттік белгілердің бөрінің үлгісін жасауға бәйге жарияланып, озып шық-Кандарға мемлекеттік сыйлықтар берілді. Бөйгеде бірінші орын алған мемлекеттік белгілерді сол кездегі ең жоғарғы өкімет орны Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі бекітті.





Елтаңба. Балалар, егеменді еліміздің Елтаңбасынан кең-байтақ Отанымыздың өткен тарихы, бай дәстүрі, салт-санасы мен жасампаз рухы толық танылады. Онда нелер бейнеленгеніне назар аударайық. Елтаңбаның ортасында шаңырақ түр. Шаңырақгы, яғни біздің бейбітшіл Отанымызды қорғау үшін, шаңырақтың биік болуы ойластырылған. Қазақта: " шаңырағың биік, керегең кең, босағаң берік болсын" деген тілек сөз бар. Елтаңба авторлары Жандарбек Мәлібекұлы мен Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлихан осы сөздерді басшылыққа алған.

Елтаңбаның екі-жағында да канатты пырақ бейнеленген. Жылқы малы. Жүйрік ат қазақта ерекше бағаланған. Тіпті оның шаруашылықты дамытуда, бостандық жолындағы күресте де маңызды болғанын тарихтан білеміз. Пырақ,— мал шаруашылығының басым болғанын аңғартатын жиынтық бейне. Бұл тұста біздің Отанымызды қорғау оның іргесінің берік болуы ойластырылған. Осы мақсатта жеті буыннан тұратын мүйіз таңдалған. Жеті буын бір жағынан іргесі бүтін елдікті, ата дәстүрін қастерлеу дегенді аңғартады. Жалпы қазақ мүйізді қастерлеген Пырақтың қанаты бір қарағанда бидайдың бауланған сәтін еске салады. Жоғарыда дәл ортада бес бұрышты жұлдыз бейнеленген Қазақтың сан ғасырлық тарихында жұлдыздың қаншалықты маңызды болғаны белгілі. Ел жұлдызды қастерлейді. Оның атымен байланысты мақал –мәтелдер көп



Мемлекеттік Ту. Енді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туына назар аударайық. Бәйгеден озып шыққан бұл тудың авторы — алматылық Шәкен Онласынұлы Ниязбеков. Ту неліктен көк түсті? Бүкіл дүниеге көк жүзі, аспан елемі ортақ.


Жер шары ұлттарға, мемлекеттерге және басқаларға бөлінгенмен, жоғарыдан айқара ашылған аспан ешқашан бөлінбеген, бөлінбейді де. Ал, Күнге келетін болсақ, ол да баршаға ортақ. Күн сәулесі бәріне нұрын шашады, сәулесін төгеді. Оның жылуы жер бетіндегі бүкіл тірішлік атаулыға ортақ.

Сондықтан да Күннің тудан орыи алуы лайық.

Қазақ халық сонау ерте заманнан бері қыранды киеліқасиетті құс деп есептеген, Тудай қыранның орын алуы тәуелсіздік алған Қазақстан кыраи сиякты биікте болсын ғұмыры ұзақ болсын деген ойдан туған

Бұлармен қатар тудан қазақтың ою -өрнегін байқаймыз. Мұныңм өзі тудың ерекшелігін – қазақ елінің өзіндік сипатын, танымдық бейнесін көрсетеді.

Егер де туға тұтас зер салсак. Автордың оны жасағаида үлкен мазмұнды ойластырылғаны байқалады Ол көк жүзінде әлемге нұрын шашқан Күн сәулесі астында қияға қанат қаққан Қыран-тыныштықтың баянды өмірдің белгісі, ал ою- өрнек тудың қай елдікі еекенін аңғартады.



Мемлекеттік Әнұран

Аса бір сәтті дүниені сез еткенде оны гимнге теңеу ежелден бар. Суреткер адамның жаны мен төнінің жарасымын жеріне жеткізе жырласа сұлулық гимні деп, жасампаз жұмыстың жемісін келістіріп керсетсе, еңбектің гимні деп бағалап жатамыз.

Әу баста кене Грекияда Аполлон, Дионис сияқты құдайларды аспандата мадақтаған жырлардан бастау алатын гимн дәстүрі келе — келе сала-салаға бөлініп, мемлекеттік, революциялық, әскери, діни гимндерге, тарихи оқиғалардың, батырлардың құрметіне шыға-рышқан гимндерге ұласып кете барды.

Гимн, яғни Әнұран — мемлекеттік нышандардың бірі де бірегейі. Қай заманда да әнұранның ел өміріндегі алар орны бөлекше. Егемендік ел атанып, тәуелсіздік туын тігісімен Қазақстан Республикасы-ның да алдымен қолға алған ісінің бірі — төл әнұра-нымызды бекіту болғаны әбден табиғи нәрсе.




Сонымен бірге... Иә, сонымен бірге... музыкасы мінсіз, сөзі сырлы болса да, орысшалау ораммен сөйлесек, қолымызды жүрек тұсына қойып айтқанда, мемлекеттік мерекелерде, салтанатты жиындарда өз еліміздің әнұранын фонограмма арқылы орындатып, соның езінде де шырқалып жатқдн әуенге жөндеп қосыла алмай қиналған қалып танытатынымыз рас еді.

Елге, жерге ниеті түзу отандастарымызды, қазақ-шаға жаңа бейімделіп жүрген қандастарымызды бы-лай қойғанда, ана тіліміздің тұнығында жүзетін аза-маттардың да төл әнұранымызды жатқа білмей жаңылатынын талай кергенбіз. Мұның түрлі себептері бар. Көп сөз етіле бермейтін тұсы - ол өнұран мәтіні 12 буындық елеңмен жазылған.

Қазак. поэзиясында

бұндай уәзін кездеспейді десе де болады. Әнұран мәтінінің жаттадмауының объективті себептерінің бірі- соншалықгы салмақты жазылғанында.



Қысқасы, әлемдегі елдер гамндерінің арасынан ойып тұрып орын алатындай шын мәніндегі жауһар музыка ел халқының жанына жақын болып, жүрегіне жылы тимей-ақ қойды. Ақиқдты осы.

Ел Әнұранын өзгерту мәселесі оқгын-октын бас-пасөз бетінде айтылып та жүрді. 2001 жылы Парламент биігіне де көтерідді.

Уақыт өте келе, мәселе бәрібір күн тәртібінен түспей-аққойды.

Елбасымыздың өңір-өңірді аралаған сапарларындағы кездесу- жиындардың соңы хаттама талабы бойынша Мемлекеттік әнұранды орындаумен аяқгала тұра, халык басқа әнді "Менің Қазақстанымды" шырқап жүрді.

Сондықтан жаңа Әнұран керектігін, ол мәселені кейінге ысыра берудің жөнсіздігі байқала берді. 2006 жылы 6 қаңтар күні Парламент палаталарының бірлескен отырысының күн тәртібіне "Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы" За-ңына өзгерістер енгізу туралы жобаны талкылау мәселесі қойылды. Отырыста Үкімет атынан ҚР Мә-цениет, акдарат және спорт министрі Е.Қосыбаев шағын баяндама жасады. Ол Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссияның 2005 жылғы 26 желтоқсандағы шешімінің негізінде Парламенттің қарауына заңның жобасын ұсынды.

Осы орайда қарқынды даму үстіндегі бүгінгі Қазақстан мемлекетінің азаматтарына ерекше ынтымақтастық күш беретін жаңа Әнұран қажет екендігі дау туғызбады. Сондай өміршең әндердің бірі — жарты ғасыр бұрын жазылған, шынайы елдік, бүкілхалықтық си-патымен танылған композитор Шәмші Кәддаяқовтың ақын Жұмекен Нәжімеденовтің өлеңіне жазышған "Менің Қазақстаным" атты туындысы деп білеміз деді. Бұл ән бүгінгі тәуелсіздік кезеңінде кең тынысқа ие болып отыр. Әнұранның сезі де музыкасы да халық рухын көтеретін, үлкен мұраттарға бастайтын салта-натты да салиқалы болу керек. Терең патриоттық сөзібар, әуеніестесақғауғажеңіл, ырғақгы бүләннің жастарды да, үлкендерді де тез баурап алатындығына барлық қазақстандықтар куә.

Бұл ән біздің көп ұлтты республикамыздағы бар-лық халықтардың жүрегіне жақын. Бұл ән қазақстандықтардың бірнеше ұрпағын өлдилеп өсірді. Жұрт бұл әнді аса зор сүйіспеншілікпен орындайды. Шәмші Қалдаяқов пен Жүмекен Нәжімеденовтың бүгінгі мұрагерлері халық алдындағы өздерінің терең жауапкершілігін сезіне отырып, осы әнге айрықша мемлекеттік дәреже беруге бекінгенін хабарлағым келеді, — деп министр сөзін аяқтады.

Осы отырыста мәжіліс төрағасы О.Мұхамеджанов Еібасының Парламентке жолдаған хатын оқып берді.

*"Қазақстан Республикасының Парламентіне"
Тәуелсіздік алғаннан кейін қабылданған қазіргі
қолданыстағы Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік әнұраны осы жылдар ішінде барлық
қазақстандықтардың жүрегінде жатталып қалды деу
қиын.*

*Еліміздің қай түкпіріне барсам да, кәрі де, жасы да
әнұрандық мәртебесі болмаса да, аса көрнекті компо-
зиторымыз Шәмші Калдаяқов пен талантты
ақынымыз Жүмекен Нәжімеденовтің сөзіне жазылған
"Менің Қазақстанымды " әнұран есебінде
шырқағанының талай рет куәсі болдым. Бұл — мен
ғана емес, қазақстандықтардың сан буыны әлдеқашан
білетін шындық. Осы уақытқа дейін бейресми әнұран
қызметін атқарып келген бұл әнге ресми мәртебе
беретін күн жетті деп есептеймін.
Осы орайда ән мәтініне қатысты да өз пікірімді ор-
таға салмақпын. Бұл әннің мәтіні Қазақстан тыңың
игерушілер құрметіне жазылғаны ешкімге құпия емес.
Сол себепті мәтінді әнұран ретінде қабылдау үшін оған
біркаатар өзгерістер енгізу қажет деп есептеймін.*

Біріншіден, әнұранда ғасырлар бойы тәуелсіздік үшін күрескен бабалар ерлігі көрсетілуге тиіс.

Екіншіден, мәтінде сол ата-бабалардан қалған асыл мұрамыз жеріміздің кең байтақтығы орын алуы керек.

Үшіншіден, еліміз бен жеріміздің байлығы біздің ұрпақтарымыздың болашағына жаркын жол ашатыны да айқын көрініс тапқаны жөн.

Ең бастысы, біздің тәуелсіздігіміздің алтын діңгегі — ел бірлігі баса көрсетілуі керек.

Осы талаптарға жауап беретін өзгерістер түскенде ғана "Менің Қазақстанымның" музыкалық редакциясын сақтай отырып, әнұран ретінде Қазақстан Республикасы Парламентіне ұсынуға әбден болады деп есептеймін.

Елбасы есебінде ғана емес, Қазақстанның азаматы ретінде де мен осы әннің сөзіне жоғарыдағы талаптарға жауап беретін тиісті өзгерістер түсіріп, мәтіннің жаңа нұсқасын назарларыңызға ұсынып отырмын. Авторлығына еш таласым жоқ. Мен үшін биіктерге бетте-ген туған елімнің әлі талай буыны асқақтата шырқайтын Қазақстанның бүгінгі келбетіне сай әнұран қабылданса болғаны. **Н.**

Назарбаев."



Мемлекеттік нышандар авторларының өмірбаяндарына тоқталайық,:

Жандарбек Мәлібекұлы 1942 жылы Қызылорда об-лысы, Жаңақорған ауданы, Екпінді колхозында туған. 1965 жылы Ташкент политехникалық институтының сәулет өнері факультетін бітірген. Жолдама бойынша сол республикада қызмет етуге қалдырылған. Өзбекстан Республикасына еңбек сіңірген сәулетші. Ташкент қаласындағы ғылыми-зерттеу жобалау инсти-гутының қала құрылысы шеберханасына көп жыл жетекшілік еткен. Ферғанадағы пошта үйі, Өндіжан қаласындағы әуе-жай ғимаратын, Ташкент қаласындағы конак үйді, басқа да белгілі құрылыстарды тұрғызған танымал сәулетші.





Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлихан

- 1932 жылы бұрыңғы Көкшетау облысы, Айыртау ауданы, Сырымбет аулында туған. Сәулетші, жазушы, драматург. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. ҚР еңбек сіңірген сәулетшісі. 1956 жылы Мәскеу сәулет институтын бітірген. Осы жылдан бастап сәулет саласындағы мекемелерде басшы қызметтер атқарды. Көптеген монументтер мен ескерткіштердің авторы. Соның ішінде Алматы қала-сыңцағы "Динамо" стадионы, Президент резиденция-сының ғимараты, Шокан Уәлиханов ескерткіші,
- Д.Қонаев бюсті, Республика алаңында орнатылған Тәуелсіздік монументі, т.б. бар.

Шәкен Оңласынұлы Ниязбеков



- 1938 жылы Жамбыл қаласында туған. Белгілі монументші әрі суретші. Санкт-Петербург көркем өнеркәсіп институтының суретші конструктор бөлімін бітірген. Суретшілер одағының мүшесі. 1969 жылдан Алматы қаласының бас суретшісі болды. "Абай", "Музыка сазы", "Құрманғазы", "Сырым Датұлы" сияқты алюминийге, мысқа, жезге бедерленген туындылардың авторы. "Гло-бус" теледидарының көркемдік-конструкторлық сапасы үшін Чехословакияда өткен халықаралық байқ-ауда оған бірінші дәрежелі сыйлық берілген

Енді заңнамаларға тоқталсақ!



"Қазақстан Республикасының Конституциясынан" 9-бап

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері — Туы, Елтаңбасы және Гимні бар. Олардың сипаттамасы және ресми пайдалану тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.

34-бап

2. Әркім Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге міндетті.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінен: 317-бап

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын немесе Мемлекеттік гимннің қорлау екі жүз айлық есептік көрсеткіштен мың айлық көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе езге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандары туралы

- (Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық Заңдары)
- **I-тарау Жалпы ережелер**
- **1-бап**
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары:
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні болып табылады.
-
- **3-бап**
- Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жүрген адамдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін кастерлеуге міндетті.
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін қорлауға кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

- **4-бап Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы -**
- ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек нақыш-талған тік жолақ кектеп етеді. Күн, шұғыла, қыран және өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзын-дығының қатынасы-1:2.
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен оның бейнесі, көлемдеріне қарамастан, Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында сақталатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы эталонының түрлі-түсті және сызба бейнелеріне дәлме-дәл сәйкес келуге тиіс.
- **7-бап Қазақстан Республикасының мемлекеттік** Елтаңба-
- сында — көгілдір түс аясында шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаңшылған, оны аңыздардағы пырақтар қанаты көмкеріп тұр. Елтаңбаның теменгі жағында "Қазақстан" деген жазу бар. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының түрлі-түсті бейнесі екі түрлі: алтын және көгілдір көк түсті болады.
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының көшірме бейнесі, көлеміне қарамастан, Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында сақталатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы эталонының түрлі-түсті немесе ақ-қара бейнесіне дәлме-дәл сәйкес келуге тиіс

- Шағын топтарға (түрлі-түсті мойын орағыштар арқылы) бөлу.
- Шағын топтарға құқық, тарих пәндері және информатика пәнінен берілген шарт бойынша компьютермен шығармашылық жұмыстар орындату. Оқушылар жұмысын проектор арқылы демонстрациялау, қорғау. (
- Шарттар қою. Веб сайттар колдану. (Мұғалім оқушыларға алдын-ала компьютерге орналастырылып жинақталған суреттер және құжаттармен таныстырады. Осы материал негізінде оқушылар шығармашылық жұмыстар орындайды,)
- □ **ҚР мемлекеттік рәміздері;**
-
- Ұлттар достастығы;
- Астана елімнің - Бас қаласы. Алматы — мәдениет ордасы.
- Елбасы саясаты.

- **Тест жұмыстарын орындату.
(Merits арқылы орындату).**
- **Сабақты бекітуге арналған тест
тапсырмалары**

Тест сұрақтары:

- **1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері қашан қабылданды?**
 - А. 1991 жылы, маусым
 - В. 1992 жылы, маусым
 - С. 1993 жылы, маусым
 - Д. 1994 жылы, маусым
 - Е. 1995 жылы, маусым
- **2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының авторы кім?**
 - А. Ж.Мәлібеков
 - В. Ш.А Уәлиханов
 - С. Ш.Ниязбеков
 - Д. Қ.Мырзалиев
 - Е. М.Әлімбаев
- **3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңба авторлары кімдер?**
 - А. Ш.Ниязбеков, Ж.Мәлібеков
 - В. Ж.Мәлібеков, Қ.Мырзалиев
 - С. Ш.А.Уәлиханов, Ж.Мәлібеков
 - Д. М.Әлімбаев, Т.Молдағалиев
 - Е. Ш.Уәлиханов, Ж.Дәрібаева

- 4. Қазақстан Республикасының жаңа Әнұранын өзгерту туралы Заңы қашан шықғы?
 - А. 1992 жылы, желтоқсан
 - В. 1995 жылы, тамыз
 - С. 2006 жылы, 7 қаңтар
 - Д. 1998 жылы, қазан
 - Е. 2000 жылы, мамыр
- 5. ҚР жаңа Әнұранының авторлары кімдер?
 - А. Ж.Нәжімеденов, Ш.Қаддаяқов, Н.Назарбаев
 - В. Ш.Калдаяқов, Н.Назарбаев, Қ.Мырзалиев
 - С. Ж.Нәжімеденов, Н.Назарбаев, М.Әлімбаев Д. Қ.Мырзалиев, Ш.Қаддаяқов, Н.Назарбаев
 - Е. ЖДәрібаева, Ж.Нәжімеденов, Н.Назарбаев
- 6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туындағы артық ұғымды табындар:
 - А. Күн бейнесі
 - В. дала қыраны
 - С. ұлттық өрнек
 - Д. көгілдір түс
 - Е. көк жолақ

- **7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасындағы артық ұғымды табындар:**
 - А. шаңырақ бейнесі
 - 8. пырақаттар
 - С. уықтар мен керегелер
 - Д. алтын бидай
 - Е. бес бұрышты жұлдыз
- **8. Қазақстан Республикасының Конституциясындағы қай баптар рәміздер туралы айтады?**
 - А. 9 бен 34-ші бап
 - В. 10 мен 40-шы бап
 - С. 15 пен 43-ші бап
 - Д. 12 мен 48-ші бап
 - Е. 13 пен 50-ші бап
- **9. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 317-бабында не делінген ?**
 - А. ҚР Мемлекеттік рәміздерін қорлағаны үшін жаза мөлшері.
 - В. ҚР Депутатының ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұққаны үшін жаза мөлшері.
 - С. ҚР Өкімет өкілін қорлағаны үшін жаза мөлшері
 - Д. Мемлекеттік наградаларды сатып және өткізгені үшін жаза мөлшері.
 - Е. Мемлекеттік Туды заңсыз көтергені үшін жаза мөлшері.

Дұрыс жауаптары:

- 1-В 2-С
- 3-С
- 4-С
- 5-А
- 6-Е
- -Д
- 8-А
- 9-А
- *Сабақты қорытындылау.*
- *Бағалау.*